

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру мамандықтары бойынша білім беру бағдарламаларына сараптама жүргізу үшін сарапшыларды іріктеу тәртібі мен өлшемшарттары

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру мамандықтары бойынша білім беру бағдарламаларына сараптама жүргізу үшін сарапшыларды іріктеу тәртібі мен өлшемшарттарын (бұдан әрі – Тәртіп) «Талар» КЕАҚ (бұдан әрі – Қоғам) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м. а. 2022 жылғы 7 қазандағы № 417 бұйрығымен (бұдан әрі – Ереже) бекітілген Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары іске асыратын білім беру бағдарламаларының тізілімін жүргізу қағидалары, сондай-ақ білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізу және алып тастау негіздеріне сәйкес әзірледі.

1.2. Тәртіп техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру (бұдан әрі – ТЖКББ) мамандықтары бойынша білім беру бағдарламаларына сараптама жүргізу үшін сарапшыларды іріктеу өлшемшарттары мен рәсімдерін айқындайды.

1.3. Сарапшыларды іріктеудің мақсаты ТЖКББ білім беру бағдарламаларына сапалы және объективті сараптама жүргізу болып табылады.

1.4. Іріктеудің міндеті білім беру бағдарламаларының Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкестігін бағалауға қабілетті ТЖКББ бағыттары бойынша құзыретті және тиімді сараптамалық топтарды қалыптастыру болып табылады.

1.5. Сарапшыларды іріктеудің негізгі қағидаттары ашықтық, кәсіби құзыреттілік, жауапкершілік, тәуелсіздік және объективтілік, құпиялылық, адалдық пен этикалық нормаларды сақтау болып табылады.

1.6. Осы Тәртіпте келесі анықтамалар пайдаланылады:

1) **Іріктеу комиссиясы** – сараптамалық топты таңдауға және қалыптастыруға байланысты мәселелерді шешетін сарапшыларды іріктеуді жүргізуге тағайындалған адамдар тобы.

2) **Жұмыс органы** – білім беру бағдарламаларының тізілімін жүргізуге жауапты Қоғамның құрылымдық бөлімшесі.

3) **Іріктеу комиссиясының хаттамасы:**

- қатысқан комиссия мүшелерін;
- отырыстың күн тәртібін;
- әлеуетті сарапшылардың қаралған кандидатураларын;
- талқылауларды (қысқаша);

- қабылданған шешімді;
- комиссия төрағасы мен хатшысының қолдарын тіркейтін құжат.

4) **Іріктеу комиссиясының шешімі** – өткізілген іріктеу нәтижелері бойынша іріктеу комиссиясы қабылдайтын ресми шешім;

5) **Сарапшының кәсіби құзыреттілігінің жеткіліксіздігі** – сараптаманы орындау барысында анықталған білім беру бағдарламаларын объективті және әдістемелік тұрғыдан дұрыс бағалауға кедергі келтіретін сараптаманың сапасына, толықтығына және негізділігіне қойылатын белгіленген талаптарға сәйкессіздік;

б) **Сарапшының нашар істеген жұмысы** - сараптаманы жүзеге асыру барысында жасалған және сараптама нәтижелерін бұрмалауға, оны жүргізу тәртібін бұзуға әкеп соғатын немесе әкеп соғуы мүмкін адалдықтың, объективтіліктің және кәсіптік этиканың белгіленген талаптарын бұзатын не білім беру бағдарламаларын бағалау рәсімдеріне деген сенімге нұқсан келтіретін іс-әрекеттер немесе әрекетсіздік.

2. Жұмыс органы

2.1. Сарапшыларды іріктеу жұмыстарын ұйымдастыруды жұмыс органы жүзеге асырады.

2.2. Техникалық және кәсіптік білім берудің әдіснамасы мен мазмұны Басқарамасы жұмыс органы болып табылады.

2.3. Жұмыс органы:

- іріктеуді өткізу туралы ақпаратты дайындау және таратуға;
- Қоғамының «ТЖКББ ББ сараптама жүргізу бойынша сарапшы болу» ақпараттық жүйесінде жүзеге асырылатын әлеуетті сарапшылардан өтінімдер мен құжаттарды қабылдауға;
- кандидаттардың біліктілігі мен тәжірибесін растау үшін ұсынылған құжаттарға тексеру жүргізуге;
- дайындық бағыттары бойынша әлеуетті сарапшылардың тізімін жасауға;
- іріктеу комиссиясы мүшелерінің жұмысын қамтамасыз етуге;
- іріктеудің белгіленген мерзімдерінің сақталуын қамтамасыз етуге жауапты.

3. Іріктеу комиссиясының құрамы мен міндеттері

3.1. Іріктеу комиссиясының құрамы Қоғам қызметкерлері мен тәуелсіз сарапшылар қатарынан қалыптастырылады және оны Қоғам Президенті бекітеді.

3.2. Іріктеу комиссиясы мүшелерінің саны тақ және іріктеу комиссиясының төрағасын қоса алғанда, кемінде 5 (бес) адам болуға тиіс.

3.3. Сарапшыларды іріктеу шеңберінде құжаттаманы жүргізуге жауапты іріктеу комиссиясының хатшысы іріктеу комиссиясының мүшесі болып табылмайды және дауыс беруге қатыспайды.

- 3.4. Іріктеу комиссиясы жұмысының негізгі міндеттері:
- дайындық бағыттары бойынша сарапшылардың санын анықтау;
 - есептелген балдардың дұрыстығын және қоса беріліп отырған құжаттар топтамасының мәлімделген өлшемшарттарға сәйкестігін тексеру;
 - сарапшыларды балл бойынша саралау;
 - дайындық бағыттары бойынша сарапшыларды іріктеу.

4. Конкурстық іріктеуді өткізу туралы хабарландыру

4.1. Сарапшыларды конкурстық іріктеуді өткізу туралы шешім Қоғам Президентінің бұйрығымен ресімделеді.

4.2. Сарапшыларды конкурстық іріктеу туралы хабарландыру өтінімдерді қабылдау басталғанға дейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмей орналастырылады және іріктеудің әлеуетті қатысушыларына Қоғамның ресми интернет-ресурсында жариялау, сондай-ақ жұмыс берушілер қауымдастығына, Білім басқармасына, әдістемелік кабинеттерге (орталықтарға) және тиісті бейін бойынша оқу-әдістемелік бірлестіктерге ақпараттық хаттар жіберу арқылы жеткізіледі.

4.3. Хатқа осы Тәртіп қоса беріледі, сондай-ақ Қоғамның ресми сайтында орналастырылады.

4.4. Хабарландыруда іріктеу өлшемшарттары, өтінімдерді қабылдаудың басталу және аяқталу күні, өтінімдерді тіркеу және құжаттарды қабылдаудың ақпараттық жүйесіне кіру үшін сілтеме, сондай-ақ қажетті құжаттардың тізбесі көрсетіледі.

5. Өтінімдер мен құжаттарды қабылдау

5.1. Сарапшыларды іріктеу осы Қағидаларға 1-қосымшада ұсынылған талаптарға сәйкес келетін ұйымдардың (кәсіпорындардың) педагогтері мен мамандары қатарынан осы Қағидаларға 2-қосымшада айқындалған іріктеу өлшемшарттарын ескере отырып жүзеге асырылады.

5.2. Іріктеуге қатысуға ниет білдірген әлеуетті сарапшыларға кандидаттар берілген сілтеме бойынша «ТЖКББ ББ сараптама жүргізу бойынша сарапшы болу» ақпараттық жүйесі арқылы осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес өтінім мен қоса берілетін құжаттар топтамасын электрондық түрде береді.

5.3. Іріктеуге қатысу үшін өтінімдер мен қоса берілген құжаттар топтамасын қабылдау 15 (он бес) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Берілген өтінімдер саны жеткіліксіз болған кезде жұмыс органы өтінімдерді қабылдау мерзімін қатысушылардың қажетті саны қалыптасқанға дейін ұзартуға құқылы.

5.4. Құжаттарды қабылдаудан бас тарту үшін:

1) белгіленген мерзімдерден кейін конкурстық іріктеуге қатысу туралы өтінім беру;

2) қоса беріліп отырған құжаттардың толық емес топтамасын ұсыну негіз болып табылады.

5.5. Жұмыс органы құжаттардың талаптарға сәйкестігіне тексеру жүргізеді және ұсынылған өтінімдер мен қоса беріліп отырған құжаттар топтамасы негізінде даярлау бағыттары бойынша әлеуетті сарапшылардың тізімін қалыптастырады.

5.6. Біліктілік талаптарына сәйкессіздік анықталған не дұрыс емес мәліметтер анықталған кезде кандидат әлеуетті сарапшылар тізіміне енгізілмейді.

6. Сарапшыларды іріктеу рәсімі

6.1. Сарапшыларды іріктеуді жұмыс органы қалыптастырған әлеуетті сарапшылар тізімінен іріктеу комиссиясы жүзеге асырады.

6.2. Іріктеу комиссиясы өтініш берушінің білім беру бағдарламаларына сараптама жүргізуге осы өтініш берушіде еңбек қызметін жүзеге асыратын педагог жіберілмейтінін ескере отырып, өңірлердің Тізілімге енгізу үшін берген білім беру бағдарламаларының санына қарай әрбір бағыт бойынша сарапшылардың санын айқындайды.

6.3. Іріктеу комиссиясы осы Тәртіпке 2 қосымшаға сәйкес ақпараттық жүйемен қалыптастырылған балдардың дұрыстығын және қоса беріліп отырған құжаттар топтамасының мәлімделген өлшемшарттарға сәйкестігін тексереді.

6.4. Сәйкессіздіктер немесе техникалық қателер анықталған жағдайда іріктеу комиссиясы балдарды қайта есептеуге немесе өтініш берушіден түсініктемелер және/немесе қосымша құжаттар сұратуға құқылы.

6.5. Іріктеу комиссиясы тиісті бағыттар бойынша сараптамалық топтардың құрамына енгізу үшін ең көп балл жинаған және белгіленген ең төменгі шекті мәндерге сәйкес келетін сарапшыларға кандидаттар тізбесін айқындайды.

6.6. Сарапшыларды объективті және сапалы іріктеуді қамтамасыз ету үшін ең төменгі шекті мәндер: педагогтар үшін ең жоғары 15 (он бес) балл болғанда ең төменгі 5 (бес) балл және ұйымдардан (кәсіпорындардан) мамандар үшін ең жоғары 12 (он екі) балл болғанда ең төменгі 4 (төрт) балл белгіленеді. Ең төменгі шекті жинамаған кандидаттар сараптама топтарының құрамына енгізілмейді.

6.7. Баллдар тең болған кезде біліктілігі жоғары санаты бар педагогтарға және тиісті бағыт бойынша кәсіби қызметте үлкен расталған өтілі бар ұйымдардың (кәсіпорындардың) мамандарына артықшылық беріледі.

Көрсетілген өлшемшарттар сәйкес келген кезде бұрын берілген өтінімге артықшылық беріледі, бұл ретте өтінім беру күні мен уақыты өтінімдер мен құжаттарды тіркеудің ақпараттық жүйесінде тіркелген жергілікті уақыт бойынша айқындалады.

Барлық көрсетілген өлшемшарттар сәйкес келген жағдайда шешімді іріктеу комиссиясы жай көпшілік дауыспен қабылдайды.

6.8. Сарапшыларды іріктеу процесі іріктеу комиссиясының хаттамасымен ресімделеді.

6.9. Сарапшылардың құрамына енгізу туралы кандидат ақпараттық жүйенің жеке кабинетіне тиісті хабарлама жіберу арқылы хабардар етіледі, бұл ретте өтінімнің мәртебесі «Кандидатура мақұлданды» болып өзгертіледі. Сонымен бір мезгілде тіркеу кезінде көрсетілген электрондық поштаға сараптамалық топтардың жұмысына қатысу үшін қажетті әрі қарайғы іс-қимылдар көрсетілген хат жіберіледі.

Кандидатура қабылданбаған жағдайда өтінім берушіге ақпараттық жүйенің жеке кабинетінде өтінім мәртебесін өзгерту арқылы «Кандидатура қабылданбады» деп хабарланады.

6.10. Егер іріктеу комиссиясының жұмысына оның мүшелерінің кемінде 2/3 бөлігі қатысса, іріктеу комиссиясының шешімі жарамды болып табылады.

6.11. Іріктеу комиссиясының шешімі ТЖКББ бағыттары бойынша білім беру бағдарламаларына сараптама жүргізу үшін сарапшыларды бекіту туралы Қоғам Президентінің бұйрығын шығару үшін негіз болып табылады.

6.12. Егер сарапшы Қоғамға қызмет көрсету туралы қол қойылған шартты шарт жіберілген сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде ұсынбаған немесе қандай да бір себептермен қызмет көрсету талаптарын өзгерткен және шарт жасасудан бас тартқан жағдайда (жазбаша өтінішпен), Жұмыс органы сарапшыны іріктелген сарапшылардан кейін ең көп балл жинаған кандидатқа ауыстыруға құқылы.

7. Қорытынды ережелер

7.1. Осы Тәртіпке өзгерістер мен толықтырулар енгізу Қоғам Президентінің бұйрығымен жүзеге асырылады.

7.2. Осы Тәртіппен реттелмеген мәселелер Қоғамның бекітілген нормативтік актілеріне және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

7.3. ТЖКББ бағыттары бойынша білім беру бағдарламаларын сараптау үшін сарапшыларды бекіту туралы бұйрықтан алып тастау келесі негіздердің біреуі немесе бірнешеуі бойынша жүзеге асырылуы мүмкін:

- этикалық нормалар мен құпиялылықты бұзу;
- тиісті дайындық бағыты бойынша кәсіби құзыреттіліктің жеткіліксіздігі;
- бағалаудың объективтілігіне әсер ететін мүдделер даулары;
- шарт талаптарын сақтамау;
- білім беру бағдарламаларын сараптау процесіне зиян келтіретін жосықсыз әрекеттер;
- міндеттемелерді орындамау;
- сараптама жүргізу мерзімдерін бұзу;
- дұрыс емес мәліметтер беру.

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі
білім беру мамандықтары бойынша білім беру
бағдарламаларына сараптама жүргізу үшін
сарапшыларды іріктеу тәртібі мен өлшемшарттарына
1-қосымша

КОНКУРСТЫҚ ІРІКТЕУГЕ ҚАТЫСУ ҮШІН ӘЛЕУЕТТІ САРАПШЫЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН МІНДЕТТІ ТАЛАПТАР

Педагог:

Біліктілік санатының / дәрежесінің болуы («Қауіпсіздік қызметі», «Гигиена және өндірістегі еңбекті қорғау» бейіні бойынша арнайы немесе әскери атақ/сыныптық шен).

Кадрларды даярлаудың тиісті бағыты бойынша біліктілігінің болуы.

Ұйым (кәсіпорын) маманы:

Кадрларды даярлаудың тиісті бағыты бойынша кемінде 3 жыл жұмыс өтілінің болуы.

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі
білім беру мамандықтары бойынша білім беру
бағдарламаларына сараптама жүргізу үшін
сарапшыларды іріктеу тәртібі мен өлшемшарттарына
2-қосымша

БАЛЛАРДЫ ЕСЕПТЕУ ӨЛШЕМШАРТТАРЫ

Педагог үшін:

№	Өлшемшарт	Балл
1	Біліктілік санаты:	
	педагог-шебер	4
	педагог-зерттеуші / жоғары санат	3
	педагог-эксперт / бірінші санат	2
	педагог-модератор / екінші санат	1
2	Арнаулы немесе әскери атағы, немесе сыныптық шені: («Қауіпсіздік қызметі», «Гигиена және өндірістегі еңбекті қорғау» бағыты бойынша)	
	иә	2
	жоқ	0
3	Академиялық / ғылыми дәрежесі:	
	PhD доктор	3
	ғылым кандидаты	2
	магистр	1
4	Дайындық бағыты бойынша біліктілік деңгейі:	
	жоғары білім	3
	орта білімнен кейінгі біліміе	2
	техникалық және кәсіптік білім беру	1
5	Тізілімге енгізілген білім беру бағдарламаларына сараптама жүргізу тәжірибесі:	
	иә	3
	жоқ	0
6	Соңғы 3 жылда кемінде 36 сағат көлемінде білім беру бағдарламаларын әзірлеу саласындағы біліктілікті арттыру курстары:	
	иә	2
	жоқ	0

Ұйым (кәсіпорын) маманы үшін:

№	Өлшемшарттар	Балл
1	Бейін бойынша жұмыс өтілі (өндірістегі маман үшін):	
	10 жылдан артық	3
	5 жылдан артық	2
	3 жылдан артық	1
2	Дайындық бағыты бойынша біліктілік деңгейі:	
	жоғары білім	3
	орта білімнен кейінгі біліміе	2
	техникалық және кәсіптік білім беру	1
3	Академиялық / ғылыми дәрежесі:	
	PhD доктор	3
	ғылым кандидаты	2
	магистр	1
4	Тізілімге енгізілген білім беру бағдарламаларына сараптама жүргізу тәжірибесі:	
	иә	3
	жоқ	0

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі
білім беру мамандықтары бойынша білім беру
бағдарламаларына сараптама жүргізу үшін
сарапшыларды іріктеу тәртібі мен өлшемшарттарына
3-қосымша

ҚОСА БЕРІЛІП ОТЫРҒАН ҚҰЖАТТАРДЫҢ ТІЗБЕСІ

Педагог:

1. Санатты немесе арнайы/әскери атақты/сыныптық шенді растайтын құжат;
2. Академиялық / ғылыми дәрежесін растайтын құжат;
3. Білім туралы дипломның көшірмесі;
4. Тізілімге енгізілген білім беру бағдарламаларына сараптама жүргізу тәжірибесін растайтын құжат;
5. Соңғы 3 жылда кемінде 36 сағат көлемінде білім беру бағдарламаларын әзірлеу саласында біліктілікті арттыру курстарынан өткенін растайтын құжат.

Ұйым (кәсіпорын)маманы:

1. Осы Қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жұмыс орнынан анықтама немесе еңбек кітапшасының көшірмесі немесе міндетті зейнетақы жарналарын аудару туралы мәліметтер;
2. Білім туралы дипломның көшірмесі;
3. Академиялық / ғылыми дәрежесін растайтын құжат;
4. Тізілімге енгізілген білім беру бағдарламаларына сараптама жүргізу тәжірибесін растайтын құжат.

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі
білім беру мамандықтары бойынша білім беру
бағдарламаларына сараптама жүргізу үшін
сарапшыларды іріктеу тәртібі мен өлшемшарттарына
4-қосымша

АНЫҚТАМА

_____ берілді.
(қызметкердің толық Т. А. Ә.)

Жұмыс орны: _____
(ұйымның атауы)

Лауазымы: _____

Жұмыс кезеңі: _____
(жұмысқа қабылдау күні - қазіргі уақытқа дейін)

Мамандығы бойынша жалпы еңбек өтілі _____
(сандармен және жазумен)

Анықтама: _____
(ұйымды көрсету)

_____ беру үшін берілген

Берілген күні: «__» _____ 20__ ж.

Ұйым басшысы: _____
(Т.А.Ә., қолы)

М.О. (ұйымның мөрі)

* Анықтама ұйымның фирмалық бланкісінде ресімделеді. Осы нысан бойынша анықтама беру мүмкін болмаған жағдайда жұмыс тәжірибесін растау үшін қосымша құжаттар ұсынылады: еңбек кітаптарының көшірмелері не міндетті зейнетақы жарналарын аудару туралы мәліметтер.